



БЕКІТЕМІН  
Мектеп директоры:  
Ж.ЗБАЙГАСКИЛОВА

**Сынып жетекшілер отырысының жылдық жоспары**  
**2023-2024 оку жылы**

№	Жұмыс мазмұны	Аяқтау нысаны	Жауапты адам	Орындау мерзімі
<b>Үйымдастыру жұмыстары</b>				
1	1. Өзара тәжірибе алмасу бағытында сынып сагаттарының катысуы 2. Құнделікті сабак жоспарларының жазылу барысын бекіту 3. Білім беру жүйесіндегі тәрбие тұжырымдамасының орындалуын жүзеге асыру 4. Сынып сагаттары, сыныптан тыс кештер мен ертеңгіліктердің отілінде талдау жасау 5. Бірлестік мүшелерлік озекті тақырыптарына корытанды жасай отырып, инновациялық жұмыстарға жетелу 6. Эр сынып жетекшілерінің сынып сагаттарында жана технологиялық әдістәсілдерді колдану 7. Сынып жетекшілерінің сынып сагаттарында көрнекі куралдарды тиімді пайдалануын қадағалау 8. Окушылардың үйрмелерге, пәндік алтапыстарға көбірек катысуын қамтамасыз ету 9. Бірлестік отырысында сынып жетекшілерінің есебін, тәжірибесін тарату, шыгармашылығының есебін тындау, бағалау, насиҳаттау. Ариналы бет, буклет, плакаттар шыгару. 10. Эр тоқсан соңында сынып жетекшілердің атқарған жұмыстары туралы есебін тындау. 11. Ай сайын бірлестік отырысын еткізу 12. Сынып жетекшілерінің білімін жетілдіру мен көтеруде курстар мен семинарларға катысу		ДТ҆ЖО	Үнемі Үнемі Үнемі Әр тоқсан сайын Жыл бойы Жыл бойы Үнемі Уақытында Жыл бойы Үнемі Үнемі Айна 1 рет Үнемі Үнемі Токсан сайын Токсан сайын
<b>Тамыз</b>				
<b>Тақырыбы: «Тәрбие жоспары – сынып жетекшісінің шыгармашылық зертханасы»</b>				
2	1.«Сынып сагатын дайындау мен откізу технологиясы» тәжірибелік жұмыс. 2.Откен оку жылындағы әдістемелік бірлестік жұмысын сараптаяу 3.Сыныптың тәрбие жұмысы 4.Күкүйк бұзушылықтың алдын алу	Сынып жетекші ӘБ отырысы	ДТ҆ЖО	тамыз

	багытындағы іс-шаралар жоспарымен таныстыру.			
	5. Қогамдық үйымдардың («Жас ұлан», «Кыз жібек», «Жас сарбаз»,) жұмыс жоспарын бекіту.			
<b>Қыркүйек</b> <b>Такырыбы: «Білім мекемесіндегі омір қауіпсіздігі»</b>				
3	1. «Қауіпсіз жол» айлығын откізу бойынша әдістемелік нұсқау. 2. Мектепте және одан тыс жерлердегі техника қауіпсіздігін сақтау туралы.	Жадынама лар тарату	ДТІЖО	қыркүйек
<b>Қазан</b> <b>Такырыбы: «Сынып жетекшісінің тәрбиелік қызметі»</b>				
4	1. Мектептегі тәрбие жұмысын үйымдастыруда сынып жетекшісінің ролі (коуч) 3.Мектеп кітапханашы-ң жұмыс барысы 3.Сыныптарда қызыбалалармен жұмыс үйымдастырып, жандандыру 4. 1 - 4 сыныптарының жағдайын, сынып жетекшінің сыныппен жұмысының есебі	Сынып жетекші ӘБ отырысы	ДТІЖО Тәлімгер Сынып жетекшілер	Қазан
<b>Желтоқсан</b> <b>Такырыбы: «Кәмелетке толмағандар құқық бұзушылығының алдын алу»</b>				
5	1. Зорлық – зомбылықтың алдын алу жұмыстану 2. Окуышылардың азаматтық-патриоттық тәрбиесінің жағдайы. 3. Ата-аналар жиналасын дайындау мен откізу технологиясы (презентация) 4. 5-8 Сынып жетекшілердің мектепте откізілетін шаралар, байкаулар, акцияларды откізу бойынша жұмыс есебі.	Сынып жетекші ӘБ отырысы	ДТІЖО Сынып жетекшілер психолог	желтоқсан
<b>Қантар</b> <b>Такырыбы: «Тәрбие қызметін сапалы жетілдіру»</b>				
6	1.Сынып жетекшілердің жарты жылдық корытынды есебін талдау 2.«Тәрбие қызметін сапалы жетілдіру» атты сынып жетекшілер онкүндігі: Шығармашылықпен жұмыс жасайтын сынып жетекшілердің іс – тәжірибесімен болісу; - Девиантты мінез – құлқыты окуышыларды адамгершілікке тарбиелеу – алеуметтік педагогикалық проблема – донгелек үстел, т.б. 3. Балалар мен жасөспірімдердің теріс діни ағымдарға тартылуының алдын алу шаралары.	Сынып жетекшілер мен байланыс	ДТІЖО Сынып жетекшілер психолог	қантар
<b>Наурыз</b> <b>Такырыбы: «Бала тұлғасының дамуы және оның тәрбиесі»</b>				
7	1.Сынып жетекшілердің ата-анамен байланыс жүйесін басылау /ата-аналармен жұмыс дәптерлері/ 2. «Жас Ұлан»балалар мен жасөспірімдер үйымдарының жұмысы	Сынып жетекші ӘБ	ДТІЖО	наурыз

	3. Құқыкбұшулықтың алдын алу бағытындағы жұмыстар	отырысы		
<b>Сәуір</b>				
	<b>Такырыбы: «Тәрбие үрдісін жүйелі талдау оны оңтайланырудың шарты ретінде»</b>			
8	1. Сынып жетекшілерінің өз білімін көтеру бағытында әдістемелік басылымдарга жазылуын үйімдастыру. 2. Сынып жетекшілерінің жыл бойғы жұмысына талдау жасау.	Сынып жетекшіле рбен байланыс жасау	ДТІЖО	Сәуір
<b>Мамыр</b>				
<b>Такырыбы: «Окушылардың жазғы еңбек қызметі мен жазғы демалысының үйімдастыру»</b>				
9	1.9 - 11 сынынтардың жағдайын бақылау, көсіптік бағдар беру жұмыстарын корытындылау 2. Соңғы коңырау мен Мектеп бітіру кештерін үйімдастыру бойынша әдістемелік ұсынбалар. 3. Тәрбие қызметінің корытындысын талдау, сынып жетекшілер жұмысындағы проблемалар 4. Мониторинг нәтижесі 5. Жазғы демалысты үйімдастыру, бала еңбегінін нашпар түріне жол бермеу 7. Жаңа оку жылына арналған перспективті жұмыс жоспарын талқылау 7. Окушылардың жазғы еңбек практикасын және сауықтыру демалысының үйімдастыру	Сынып жетекшіле р ӘБ отырысы	ДТІЖО Психолог Сынып жетекшіл ер	мамыр



«Мойынты жалпы білім беретін мектебі» КММ өткізілетін сыйнып жетекшілер  
апталығының іс-шаралар **ЖОСПАРЫ**

№	Откізілетін іс-шаралар	Мерзімі	Жауаптылар
1	Апталықтың ашылу салтанаты. Баяндама.		
2	«Менің мектебім-менің отбасым» күні: «Менің сыйныбым» фото-монтаж  «Мен сыйныбыммен маңтанамын» Сыйнып жетістіктерінің көрмесі		
3	«Қазақстандық патриотизм және азаматтық құқықтық тәрбие» күні «Құқықтық сауаттылық-заман талабы» дөңгелек үстел  «Сыбайлас жемқорлықта жол жок» пікірсайыс «Мен елімнің патриотымын» ән байқауы		
4	«Рухани адамгершілік тәрбие» күні «Менің үлкен отбасым» сурет байқауы. 1-11 сыйныптар  «Үлкенге құрмет, кішіге ізет» ашық тәрбие сагаты. 5-8 сыйнып		
5	«Ұлттық тәрбие, «Отбасы тәрбиесі»» күні.  «Өмір маган қымбат» тренинг  «Біз өмірді таңдаймыз!» Ұлдар және қыздар кеңесінің бірлескен жиыны. (нашақорлықтың, құқықбұзушылықтың алдын алу, т.б. тақырыптар камтылады) «Егер мен депутат болсам...» тренинг «Отбасы-адамзат бесігін тербеткен үя» газеттер шығару		
6	«Зияткерлік ақпараттық тәрбие» күні. «Менің ең қымбатты адамдарым»  «Жер бетіндегі ең мейірімді адам» ашық тәрбие сагаты. 1-4 -сынып  «Қазақстан менің жүргегімде!» пікіргалас. 9-11 сыйныптар		
7	«Дене тәрбиесі салауатты омір салты» күні. «Дәмді де пайдалы тағамдар» коучинг «Адам сұлулығы неде?» әңгіме		
8	Концерттік бағдарлама Қорытынды. Женімпаздарды марапаттау.		

Дайындаған:

Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары:

## **Мектепшілік сыйнып жетекшілер ӘБ әдістемелік тақырыбы:**

**«Мектепі жаңғырту жағдайында сыйнып жетекшінің қызметі».**

### **ӘБ мақсаты:**

1. Сыйнып жетекшілерінің шәкірттерін тәрбиелеудегі заманауи әдіс-тәсілдерді менгеруі.
2. Әр сыйнып жетекшінің қызметі мен педагогикалық шеберлігін дамытуына жағдай туғызу.
3. Заманауи талаптарды ескере отырып тәрбие жұмысын жоспарлау.
4. Ата-аналар жиналышын өткізуде жаңа әдістерді қолдану.

### **Міндеттері:**

1. Әрбір окушының тұлғалық дамуына байланысты оның қабілеттеріне, мүдделеріне, мүмкіндіктеріне, сондай-ақ қоғамның қажеттіліктеріне қарай оңтайлы жағдай жасау.
2. Сыныптан тыс жұмыска көптілділік пен ата-аналармен ынтымақтастықтың әртүрлі жұмыс түрлері мен окушылардың өзін өзі басқаруын дамыту..
3. «Мәңгілік Ел» бағдарламасын іске асрыу арқылы ұлттық мәдени тұлғаны дамыту.
4. Балалардың деңсаулығын нығайту тәсілдерін, деңсаулық сақтау технологиялары мен әдіст-тәсілдерін тәрбие үдерісінде қолдану.
5. Әлеуметтік рөлдерді толықымен орындауға қабілетті жан-жақты дамыған жеке тұлғаны қалыптастыру.
6. Тәрбие үдерісінде тәрбие сағаттары мен сыйныптан тыс іс-шараларды өткізуде АКТ қолдануды жетілдіру.
7. Сыйнып жетекшілерінің педагогикалық шеберлігін жетілдіру.

### **Әдістемелік жұмыстың негізгі бағыттары:**

1. Тәрбие жұмысы мен психология бойынша мәселелер бойынша сыйнып жетекшілерінің теориялық, әдістемелік деңгейін көтеру.
2. Сыйнып жетекшілерінің қызметін реттейтін нормативтік-құқықтық базасы жайлы ақпараттандыру.
3. Үздік педагогикалық тәжірибелі жинактау, жүйелу және тарату.
4. Сыйнып жетекшілерінің заманауи тәрбие беру технологияларымен, формалары мен жұмыс әдіс-тәсілдерімен қамтамасыздандыру.

# Мектепшілік сыйнып жетекшілер ӘБ әдістемелік отырысы

## Хаттама №1

Күн тәртібінде:

- 1.«Сынып сағатын дайындау мен өткізу технологиясы» тәжірибелік жұмыс.
2. Өткен оқу жылындағы әдістемелік бірлестік жұмысын сараптау
3. Сыныптың тәрбие жұмысы
4. Құқық бұзушылықтың алдын алу бағытындағы іс-шаралар жоспарымен таныстыру.
5. Қоғамдық үйымдардың («Жас ұлан») жұмыс жоспарын бекіту.

**Тындалды.**

Күн тәртібінің 1 мәселе бойынша директордың тәрбие іс жөніндегі орынбасары «Сынып сағатын дайындау мен өткізу технологиясы» тәжірибелік жұмыс өткізіп, постер арқылы сыйнып жетекшілердің тәжірибелік жұмыстарын жинақтады.

2 мәселе бойынша тәрбие ісі жөніндегі орынбасары оқу жылындағы сыйнып жетекшілердің аткарған жұмыстарын қорытындылады.

3 мәселе бойынша сыйныптың 8 бағыт бойынш 34 сағатқа жоспарланған тәрбие сағаттарының тақырыптары талқыланып, түзетулер енгізілді. 2023-2024 оқу жылындағы атальп отетін мерейтойлармен таныстырылып, жылдық жоспарға кірістірulerі айттылды.

4 мәселе бойынша Мектепшілік 2023-2024 оқу жылына арналған құқық бұзушылықтың алдын алу жұмыс жоспары жасалып, бекітілді. Жоспар негізінде алдағы уақытта жұмыстанулары тапсырылды.

Сыйнып жетекшілердің сыйнып жиналыстарын, журналда толтырылатыны, сонымен қатар құқық бұзушылықтың алдын алу жұмысын бақылау комиссиясы құрылған, бекітілген жұмыс жоспарымен таныстырылды. Әр сыйныптың тәрбие жағдайы мен оқушылардың ата-аналармен, психологпен жүргізілетін жұмыстар сыйнып жетекшісіне жүктелетінін айтты.

5 мәселе бойынша қоғамдық үйымдардың «Жас Ұлан» өткен жылдағы жұмыстарының жұмыс барысы айтылып биылғы оқу жылының жылдық жұмыс жоспары бекітілді. **Сөйлеушілер:** Сыйнып жетекшілер отырысының шешімі жасалып, ұсыныстар берілді.

**Шешім:** 1.«Сынып сағатын дайындау мен өткізу технологиясы» тәжірибелік жұмыстары жинақталсын..

2. Өткен оқу жылындағы әдістемелік бірлестік жұмысын сараптау, Сыныптың тәрбие жұмысы қорытындылансын.

4. Құқық бұзушылықтың алдын алу бағытындағы іс-шаралар жоспары бекітілсін.

5. Қоғамдық үйымдардың («Жас ұлан») жұмыс жоспарын бекітіліп, алдағы уақыттан жылдық жоспар негізден жұмыс жандандырылсын.

## **Мектепшілік сыйнып жетекшілер ӘБ әдістемелік отырысы**

### **Хаттама №2**

**Күн тәртібінде:**

1. Мектептері тәрбие жұмысын ұйымдастыруды сыйнып жетекшісінің рөлі (коучинг)
- 3.Мектеп кітапханашы-ң жұмыс барысы
- 3.Сыныптарда қыз балалармен жұмыс ұйымдастырып, жандандыру
4. 1 - 4 сыныптарының жағдайын, сыйнып жетекшінің сыйныппен жұмысының есебі

**Тыңдалды:**

Күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша тәрбие ісі жөніндегі орынбасары сыйнып жетекшілермен «Мектептері тәрбие жұмысын ұйымдастыруды сыйнып жетекшісінің рөлі» тақырыбында коучинг ұйымдастырыды. Сынып жетекшілер өз ойларымен болісті.

2 мәселе бойынша мектеп кітапханашысы 2023-2024 оку жылындағы жұмыссыздың бір саласы – әр кезде жарық көрген жақсы шығармаларды көпшілік арасында кеңінен насиҳаттау, олардың кейір ерекшеліктеріне баса назар аударып жаңарту жолдарында жұмыс жүргізу, оқырмандармен жұмыс жүргізу, оқырмандардың кітапханаға деген көзқарастарын қалыптастыру.

Білімге ұмтылған оқырманның табылар жері – кітапхана. Кітап оку жан дүниемізді байытады, жаңа технология заманында да кітап адамның ой – өрісіне ықпал жасап, рухани азығы болып кала бермек. Қазіргі заманға сай оқырмандардың ойын үшқырлайтын іс –шаралар ұйымдастыру. Окудан көл үзбейтін оқырмандарды көбейтіп, оку –тәрбие жұмысына ықпал етуге енбек ету. Оку жылының басында окулықтар таратылып, оның жыртылып бүлінбеуін қадағалап түрү назарға алынды. «Окуға құштар мектеп» жобасы аясында оқушылармен түрлі іс шаралар ұйымдастырылды.

3 мәселе бойынша қыздар клубының жетекшісі сөз алды. Қыз балалардың мінез-құлқын тәрбиелеу бойынша жұмыс оларды нәзіктікке баулу, отбасындағы алатын орны, ептілік пен шеберлік қалыптастыру, сондай-ақ қыздардың сұтулық, әсемдік, жақсы қарым-қатынас сияқты ұғымдармен таныстыруға бағытталған. Гигиеналық жағынан қыз балаларға жыныстық жетілу кезеңінде өздерінде болып жаткан физиологиялық және психоэмоционалдық өзгерістерді түсіндіріп, жеткізе білу. Қыз балалармен жұмыстар өткізіліп, кеңестер беріліп отырады.

4 мәселе бойынша 1-4 сыныптардың тәрбие жұмысы бойынша өткізілген іс-шаралар жөнінде айтып отті.

**Сөйлеушілер:**

Күн тәртібіндегі мәселелермен танысып оттік. Жыл басынан бастап өткізіліп жаткан іс-шараларға катысып көріп журміз.

**Шешім:**

- 1.Мектеп кітапханашысының жұмысы есепке алынсын
- 2.Сыныптарда қыз балалармен жұмыс ұйымдастырып, жандандырылсын
3. 1 - 4 сыныптарының жағдайын, сыйнып жетекшінің сыйныппен жұмысының есебі қанагаттандырылсын.

# Мектепшілік сыйып жетекшілер ӘБ әдістемелік отырысы

## Хаттама №3

Күн тәртібінде:

1. Зорлық –зомбылықтың алдын алу жұмыстану
2. Окушылардың азаматтық-патриоттық тәрбиесінің жағдайы.
3. Ата-аналар жиналышын дайындау мен өткізу технологиясы (презентация)
4. 5-8 Сынып жетекшілердің мектепте өткізілетін шаралар, байқаулар, акцияларды өткізу бойынша жұмыс есебі.

**Тыңдалды:** Сынып жетекшілер әдістемелік бірлестігінің кезекті отырысының күн тәртібіндегі мәселелермен тәрбие ісі жөніндегі орынбасары таныстырып отті.

Жиналышқа катысушылар толық катысты.

Күн тәртібіндегі 1 мәселе бойынша мектеп психологі сөз алды. Балалардың мектепте зорлық-зомбылыққа ұшырау мәселесі өзекті болып табылады. Атап айтқанда, мектепте балаларға катысты зорлық-зомбылық дәрежесі қандай? Мектепте балалар арасында да, мектеп қызыметкерлері тарарапынан да зорлық-зомбылық пен кемесітушіліктің қандай түрлері кездеседі? Мектептердегі зорлық-зомбылықты жасаушы кім, күрбаны кім? Мектептердегі балаларға қандай әсерін тиғізеді? Зорлық-зомбылық пен балалар арасындағы суицид арасында қандай байланыс бар? Біздің міндеттіміз осыны анықтау және оның алдын-алу болып табылады.

Мектептердегі зорлық-зомбылық бойынша мектеп аумағында, мектепке, мектептердегі шарага бара жатқан немесе, мектепте өткен шарадан қайтып келе жатқан жолда не сол шара отіп жатқан кезде орын алатын жасөспірімдердің зорлық-зомбылығы. Мектеп жасындағы балалар мектептердегі зорлық-зомбылықтың құрбаны, кінәлісі не күәгері болуы мүмкін. Окушыларға осы орайда түсінік жұмыстарын жүргізіп отырамыз.

2 мәселе бойынша АӘД пәні мұғаліміне сөз берілді. Бұғынгі күні балалардың патриоттық тәрбиесі патриоттық сананы, өз Отанына деген ададық пен сүйіспеншілік сезімін қалыптастырыады. Қазіргі заман талабында азаматтық пен борыш. Атқарылып отырган жұмыс окушыларымыздың бойында патриоттық сананы қалыптастыру жөнінде стратегиялық міндеттерді толыктай орындалуға бағытталуда. Окушылардың бойында үлттық нышандарға - Туга, Елтаңбаға, Әнұранға, үлттық мерекелерге патриоттық сезімді, оларға құрметпен карауды мақсатты түрде қалыптастырып отырады. Жылдық жоспар бойынша іс-шаралар сыйып сағаттары, тәрбие сағаттары өткізіліп отырылады.

3 мәселе бойынша тәрбие ісі жөніндегі орынбасары «Ата-аналар жиналышын дайындау мен өткізу технологиясы» тақырыбында презентация көрсетті. Сынып жетекшілерге презентация көрсетіліп ойларымен белісті.

4 мәселе бойынша 5-8 класстың сыйып жетекшілер өткізіліп жатқан шаралар бойынша ақпарат беріп отті.

**Шешім:**

1. Зорлық –зомбылықтың алдын алу бойынша жұмыстар жандандырылсын.
2. Окушыларға азаматтық-патриоттық тәрбие шаралары өткізілсін
3. 5-8 Сынып жетекшілердің мектепте өткізілетін шаралар, байқаулар, акцияларды өткізу бойынша жұмыс есепке алынсын.

## **Мектепшілік сынып жетекшілер ӘБ әдістемелік отырысы**

### **Хаттама №4**

#### **Күн тәртібінде:**

- 1.Сынып жетекшілердің ата-анамен байланыс жүйесін бакылау /ата-аналармен жұмыс дәптерлері/
2. «Жас Ұлан»балалар мен жасөспірімдер үйымдарының жұмысы
3. Құқықбұзушылықтың алдын алу бағытындағы жұмыстар

#### **Тыңдалды:**

1,3 мәселе бойынша тәрбие ісі жөніндегі орынбасары сөз алып айтты өтті.  
Жиналыста құқық бұзушылық тың алдын алу және құқық бұзушылықтың алдын алу жұмыстарымен таныстырып өтті. Эр сыйныптың тәрбие жағдайы мен окушылардың ата-аналарымен, психологпен жүргізілетін жұмыстар сыйнып жетекшісіне жүктелетінін айтты.

2 мәселе бойынша Аға тәлімгер жылдық жоспар бойынша өткізіліп жаткан іс шаралармен таныстырып өтті.

#### **Сойлеушілер:**

Жиналыска қатысқан мугалімдер күн тәртібіндегі мәселелермен танысқандарын, мектепте өткізіліп жатқан іс шараларға окушылардың белсene қатысатынын айта кетті. Ұсыныс, пікірлерімен ой болісті.

#### **Шешім:**

- 1.Сынып жетекшілердің ата-анамен байланыс жүйесін бакылау /ата-аналармен жұмыс дәптерлері жи байланыс жасалып отырылсын.
2. «Жас Ұлан»балалар мен жасөспірімдер үйымдарының жұмысы есепке алынсын.
3. Құқықбұзушылықтың алдын алу бағытындағы жұмыстар жандандырылсын.

## **Мектепшілік сыйып жетекшілер ӘБ әдістемелік отырысы**

### **Хаттама №5**

#### **Күн тәртібінде:**

- 1.9 - 11 сыйыптардың жағдайын бакылау, кәсіптік бағдар беру жұмыстарын корытындылау
2. Сонғы қонырау мен Мектеп бітіру кештерін ұйымдастыру бойынша әдістемелік ұсынбалар.
- 3.Тәрбие қызметінің корытындысын талдау, сыйып жетекшілер жұмысындағы проблемалар
- 4.Мониторинг нәтижесі
5. Жазғы демалысты ұйымдастыру, бала еңбегінің нашар түріне жол бермеу
6. Жаңа оку жылына арналған перспективті жұмыс жоспарын талқылау
7. Окушылардың жазғы еңбек практикасын және сауықтыру демалысын ұйымдастыру

#### **Тыңдалды:**

Тәрбие ісі жөніндегі орынбасары күн тәртібіндегі мәселелермен таныстырып отті.

9-11 сыйып окушыларымен Кәсіби бағдар беру бойынша іс шаралардың өткізілгені туралы айтып отті.Биылғы мектеп бітіруші түлектер жайында әңгімелесіп бірігіп атқаратын жұмыстар жоспарланды.

Жоғары сыйып окушыларын жиі толғандыратын мәселелердің бірі – мамандыкты тандау екендігін айта келе, мектепшілік өткізіліп жаткан іс шаралармен таныстырып отті.

2-7 мәселе бойынша ДТІЖО М.Джұнісова айтып отті.

#### **Сойлеушілер:**

2023-2024 оку жылы бойынша өткізілген шараларды қорыта келіп алдагы оку жылына өзгерістер,ұсыныстар айтылды.

#### **Шешім:**

1.Күн тәртібіндегі қаралған мәселелер толықтырылып, ұсыныстар қабылдансын.

Бекітілді \_\_\_\_\_

### Тәрбие сағаты бойынша кыска мерзімді жоспар

<b>Тәрбие сағаты</b>	«Құқықтық сауаттылық заман талабы»	
<b>Күні</b>		
<b>Класс жетекші:</b>		
<b>Класс:</b>	Қатысушылар саны:	Қатыспагандар саны:
<b>Сабактың тақырыбы:</b> <b>Эпиграфтар (тақырып мазмұнын ашатын)</b>	«Өз құқығынды білесінбей?»	
<b>Сабактың мақсаты:</b>	1.Окушылардың құқықтық білімдерін тексереп отырып, жауапкершілікті арттыру, алдына мақсат коя білуге баулу. 2 Окушылардың ойлау, тындау, сойлеу мәдениетін дамыту, сөздік қорларын молайту.	
<b>Құндылықтарды дарыту</b>		
<b>Ресімдеу</b>	Слайд,презентация	
<b>Музыкалық және бейне көркемдеу</b>	интерактивті тақта, слайд	
<b>Ұлестірмелі материалдар</b>	мақал – мәтеддер жазылған плакаттар	
<b>Тақырынтық көрмелер мен ақпараттық стендтер</b>	Презентация	
<b>Дайындыққа ариалған әдебиет</b>	Интернет материалдары	
Сабактың барысы		

Сабактың кезеңі/уақыт	Мұғалім әрекеті	Оқушы әрекеті	Ресурстар Сабактың техникалық күрал-жабдықтары
Үйымдастыру кезеңі (7 мин)	<p><b>Мұғалім:</b> Құрметті ұстаздар, ата – аналар, окушылар және кеш қонақтары «Құқықтық сауаттылық – заман талабы» атты пікірталас кешімізге кош келдіңіздер!</p> <p><b>Пікірталастың негізгі мақсаты:</b> окушылардың құқықтық сауаттылығын арттырып, құқық бұзушылық және қылмыс белгілерімен, түрлерімен таныстыру, жасөспірімдердің құқықтары мен міндеттерімен таныстыру. Қоғамның зандары мен нормаларын орындауга, құқықтары біліп оны күрметтеуге тәрбиелеу.</p> <p><b>I Психологиялық тренинг</b> Пікірталасымызды бастамас бұрын бір-бірлерінізге деген қарым – қатынастарыңызды ізгілендіру мақсатында біз мектеп психологымен бірлесіп, тренинг дайындаған болатынбыз.</p> <p>Сіздерге екі ақ парапша беріледі. Бірінші парапшага өздеріңіздің аса жоғары бағалайтын адами қасиеттерді жазып, калаған адамыңызға бересіз. Осыдан кейін кезектесіп, алған параптарыңызда не жазылғанын дауыстап оқып беріңіздер.</p> <p><b>II Құқық туралы жалпы түсінік</b></p> <p>Енді құқық жөнінде жалпы түсінік бере кетсек.</p>	<p>Окушылар мұғаліммен амандасады, түгенделеді, мектеп партасындағы қатарлары бойынша орындарына отырады.</p>	презентация

	<p>Интерактивті тақтага назар аударыңыздар</p> <p>Қогамда өмір сүретін адамдардың ездерін ұстау ережелерінің жиынтығын әлеуметтік нормалар дейміз. <u>Әлеуметтік норма</u></p>	
	<p>Құқық Мораль</p> <p>Әлеуметтік нормалардың мемлекеттің пәрменімен заңдастырылған бөлігі құқықты, ал мемлекеттің пәрменімен заңдастырылмаган бөлігі моральды құрайды</p> <p>Құқық дегеніміз – мемлекет тарарапынан заңдастырылған және қоргалатын, жалпыға бірдей міндепті нормалар жүйесі.</p> <p>Құқықтың ерекшелегі – оның нормалары бұзылған жағдайда кінәлінің заңды жауапқа тартылатындығында. Моральдық тәртіпті бұзғаны үшін адам заңды жауапкершілікке тартылмайды, бірақ копшіліктің назарына ілігеді, айналасына жағымсыз пікір туғызады.</p> <p>Құқықтық нормалар тек қана заңдардан тұрмайды, басқа да нормативтік құқықтық актілерде де көрсетілген. Президент – нормативтік жарлықтар, Үкімет – нормативтік қауылар, министрліктер – нормативтік бұйрықтар, жергілікті мемлекеттік органдар – нормативтік шешімдер қабылдайды.</p>	
Сабак басы (13 мин)	<p><u>III. Сенің құқығың – менің құқығым.</u> 1-окушы: 10 бап Баланың өмір сүруіне, жеке басының бостандығына, кадір-қасиетіне және жеке өміріне қол сұғылмауына құқылы 2-окушы:</p> <p>Мемлекет баланың жеке басына ешкімнің тиіспеуін қамтамасыз етеді, оны тәнін, жанын жабірлеуге, дөрекіліктен қорлаудан, оның құқықтары мен бостандықтарына қысым жасаудың өзге де түрлерінен қоргауды жүзеге асырады.</p> <p>3 окушы: 9-бап</p> <p>Баланың даралық ерекшеліктерін және оны сақтауға құқығы.</p> <p>Бала туган сәтінен бастап аты-жөні, ұлты, азаматтығы болуга құқылы, ал ҚР-ның заң актілерінде көзделген жағдайды сақтауға құқылы. Қай ұлтқа жататындығына, тіліне, біліміне, денсаулығына, ата – анасына қатысты мән-жайларға қарамастан бала тең құқылы.</p> <p>3-окушы: 11 бап</p> <p>Әр бала соз бостандығына және өз пікірін айтуға, ар-ождан бостандығына, коммерциялық емес үйымдарға және ҚР-ның заңдарымен рұқсат етілген бейбіт жиналыштарға қатысуга құқығы бар.</p> <p>4-окушы 12 бап</p> <p>Біреудің атына кір келтіруге, жеке басының тіршілігіне араласуға, рұқсатсыз үйіне кіруге, біреудің хаттарын окуға ешкімнің құқығы жоқ</p> <p>5-окушы 19 бап</p>	презентация

	<p>Әркімнің ана тілі мен тол мәдениетін пайдалануга, қарым-катаңас, тәрбие, оку және шыгармашылық тілін еркін тандаш алуға құқығы бар.</p> <p>6-окуышы 30 бап Азаматтардың тегін орта білім алушына кепілдік беріледі. Орта білім алу міндетті. Республика азаматтарының конкурстық негізде тегін жогары білім алуға құқығы бар.</p> <p>7 – окушы 19 бап</p> <p>Әрбір адам ез пікірі болуына, ойындағысын еркін айтудың құқығы бар.</p> <p>Өз құқықтарыныңды айтып оттініздер, кандай міндеттеріңіз бар соган токталып отсек (окушылар ез міндеттерін айтады)</p>		
Ортасы (20 мин)	<p><u>Ойды аяқта</u></p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1. Біреуге ор қазба ... (өзін түсесін)</li> <li>2. Занниң құрығы ... (бәрінен ұзын)</li> <li>3. Ұрлық түбі ... (корлық)</li> <li>4. Өтірікшінің құрығы... (бір-ак тұтам)</li> <li>5. Тура биде ... (туган жок)</li> <li>6. Туганды биде ... (иман жок)</li> <li>7. Қолыңмен істегенді ... (мойныңмен көтер)</li> <li>8. Тек жүрсөн ... (ток жүресін)</li> <li>9. Заңды сыйлаған ... (еркін жүреді)</li> </ol>	(мақал-мәттелдің жартысын тауып, түсінік беру)	презентация
Соны	Мектеп пен жаңуяда жақсы қасиеттерді бойға сініріп, тәрбиелі, мәдениетті, білімді адам болуға ұмтылуымыз керек. Құқықтық сауатсыздық, яғни ез құқы мен міндеттін білмей, басқаның құқын сыйламаудың кесірінен көптеген келенеңіз жағдайларға кезігіп отырмыз. Осы орайда қылмыстың қоғамдағы зияны мен адам тағдырын адастыратын іс екенін әркайсымыз жете түсінуге тиіспіз. Олай болса құқықтық тәрбие мен құқықтық мәдениетті санаға сініріп, өзімізді және қасымыздың адамдардың жеке басын қадірлеп, құрметтейік дегім келеді.		

<b>Тақырыбы:</b>	Мектептегі тәрбие жұмысын үйымдастырудың сынып жетекшісінін ролі
<b>Жалпы мақсат:</b>	Әр түрлі жастагы сынып оқушыларымен сабакты үйымдастыру жолдарымен таныстыру, сабакты жоспарлау әдістемесін менгерту
<b>Күтілетін нәтижесі</b>	Мұғалімдер сабакты бірлесіп жоспарлау әдістемесін менгеру нәтижесінде оку мен оқытудың жаңа тәсілдерін қолданудағы білім мен дағдыларын жинақтайты, жеке жұмыс жасай отырып, сабактың жоспарын жасайды. Мұғалімдер барлық оқушылар кол жететін, нақты олшенетін нәтежелері бар сабакты жоспарлау тәсілдерін менгереді.
<b>Түйінді идеялар:</b>	Педагогикалық тәжірибелі дамыту мақсатында мұғалімдер бірлесіп жұмыс істейді. Сабакты бірлесіп жоспарлауда, оқытуды жақсартуга көмектеседі.
<b>Қолданылатын материалдар:</b>	Презентация, постерлер, ресурстар, маркер,стикер, А- 4 параграфтары, интерактивті тақта.

Сабак барысы		
Сабак болімі	Уақыт	Коуч іс-әрекеті
<b>Психологиялық ахуал туғызу</b>	2 мин	<p>Қайырлы күн! Мен бұғін сіздерді коучингте көріп отырғанымға куаныштымын. Құрметті әріптестер біз бәріміз де осынау өмір-өзен қайықтарының ішіндегі «Ұстаздар» деген қайығында жүзіп келеміз</p> <p>Дана халқымыз « Кемедегінің жаңы бір» деп текке айпаса керек. Осы даналыкты салыстыру түрінде айтсақ бізді көп нәрсе ортақтастырады. Яғни шәкірт тәрбиелеу.</p> <p>Әр адам өз өмір сүріп отырған қогамының жаршысы болу керек. Ал қазіргі заман біздерден мұғалімдерден нені талап етеді .Осы мәселе жөнінде ой-бөліспекпіз.</p> <p>Шеңберге тұрғызып коучинг тақырыбымен таныстырады.</p> <p>«Мектептегі тәрбие жұмысын үйымдастырудың сынып жетекшісінін ролі»</p> <p>Қатысуышыларға жүрек пішінді стикер таратылады. «Мениң жетістігім ...» деген тірек сөзге «Оқушыға білім беру мен тәрбиелеудегі қолданып жүрген әдіс –тәсілдеріңізді пайызбен бағаланыз ».Әрбір мұғалім жаған пайыздары туралы пікірлерін айтады.</p> <p>Сұраптар:</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1. Осы жетістігінізге қаншалықты қанагаттандырыз</li> <li>2. Жетістікке жетуінізде қандай кедергілер бар ?</li> <li>3. Заман талабына сай жетістікке ұмытылар ма едіңіз?</li> </ol>
<b>Топқа боліну</b> 	3 мин	«Ұстаз», «Мектеп» сөздері бойынша 2 топқа бөлемін. Топ атауларын төмендегіше болуын қалаймын, себебі мектебімізде мінсіз, заман ағымына сай, ұлагатты ұстаз болыш, серіз кырлы, бір сырлы білімді саналы мінсіз оқушы тәрбиелеген алдыңғы қатарлы білім кемесіндегі мінсіз мектеп болуына тілектеспін. Топтарды осылай атасақ келісесіздер ме?
<b>Миға шабуыл</b>	2мин	Мектептегі тәрбие жұмысын үйымдастырудың сынып жетекшісінің ролі презентация көрсетіледі. Мұғалімдер тақырып аясында ой бөліседі.
<b>Мағынаны тану</b>	15 мин	Топтық жұмыс «Сократтық семинар» әдісі. Топ ішкі-сырткы сөздерімен екі топқа бөлінеді. Жұптарсады. Ішкі топ ортада «Сабактың өзектілігі, сабакты үйымдастыру принциптері» оқиды, талдайды. Ресурс параграфтары беріледі. (1 қосымша).. Өзара пікірлеседі Қатысуышылар тақырып туралы толық теориялық мәлімет алады. Сырткы топ ішкі топтың жұмысын бақылайды. Ішкі топ постерде корғайды. Сырткы топ ішкі топтың жұмысын бағалайды. Дескриптер арқылы бағаланады.
<b>Сергіту</b>	3 мин	«Бізді не біріктіреді?» сергіту жаттығуы

<b>жаттыгуы</b>		Қатысушылар шенберге тұрады. Жүргізуші допты «Екеумізді мектеп біріктіреді» деп екінші бір адамға допты лактырады. Ол келесі катысушыға «Екеумізді балаға деген сүйіспеншілік біріктіреді», «Біздерді сабак біріктіреді» т.б деп келесі адамға лактырады. «Устаз», «Мектеп», «Оқушы» сөздері бойынша 3 топқа болемін.
Топпен жұмыс	15 мин	<p>«Температураны анықтау» әдісі.ДТДЖО тапсырма берілген уақыттың жартысы өткенде топ жұмысының бағытын анықтайды 3 топ жұмыстанады. Постерде коргайды.</p> <div style="text-align: center;"> </div> <p>Топтар берілген талаптар бойынша «Үздік тәрбие сағаты» жоспарын құрады . Қалған топтарға баяндайды.</p> <p>«Басбармақ» әдісі арқылы бағалау Сұрап:</p> <p>1. Тәрбие сағатын өткізуде қандай қындықтар кездесті?</p>
Рефлексия	5 мин	<p>«Білім теңізіне қайықты жіберіңіз» әдісі. Тақырыпты менгердім деп есептеген мұғалімдер өз қайығын білім теңізіне жібереді. Өздеріне сенімсіздері жағалауда калады.</p> <div style="text-align: center;"> </div> <div style="background-color: #ccc; width: 300px; height: 100px; margin: 10px auto;"></div> <p><b>Келгендеріңізге көп раҳмет! Сау болыңыздар!</b></p>

Сынып жетекшінің аты-жөні		
Күні:		
Сынып	Қатысушылар саны:	Қатыспагандар саны:
Сынып сағатының тақырыбы	«Дін тәрбие діңгегі”	
Тәрбие жұмысының бағыты		
Мақсаты	Оқушыларға терроризм туралы терең түсінік беру, оның түрлері, себептері мен зардалтарын ұғындыру;	
Багалау критерийлері:		

### Тәрбие сағатының барысы

Барысы	Тәрбие сағатындағы орындалуы тиіс іс-әрекеттер	Ресурстар
<b>Кірісне 10 мин</b>	<p>- Терроризм не екендігі туралы біздің заманымызда айтылған сөз көп. Бұл сөздің анықтамасы адамдар мен қоғамға байланысты әртүрлі болады.</p> <p>Мысалы, көптеген тұлғалардың анықтамасы бойынша «терроризм» сөзі өзінің ұғымында джихадты, муджахидтарды, шаригат елдерінде жаза қолдануды қамтиды. «Терроризм» – араб тілінде «ирхаб» сөзімен аталады, мағынасы – «қорқыту». Тероризм мен діни экстремизм адамзат баласына қауіп пен катер төндіретін ұйымдар. Олар ез мұдделерін жүзеге асыру үшін небір озбыр әрекеттерге барады. Билікті орнынан кетіріл, дінді сұлтау етіп, адамдар өміріне қауіп ұялатады. Қоғам арасында алауыздықты тудырып, тыныштықты бұзады. Ендеше біз бүгінгі тақырыбымызда «терроризм» ұғымы туралы кеңінен түсінік алатын боламыз.</p> <p><b>I. Ой қозғау.</b></p> <ul style="list-style-type: none"> <li>- Оқушылар, «терроризм» деген сөзді айтқанда ең бірінші ойларына не келеді?</li> <li>- Террорлық іс - әрекеттерден зардан шегетін кім?</li> <li>( Ойларын дәптерге жазады)</li> </ul> <p><b>II. Мағынаны тану.</b></p> <p><b>1. Терроризм</b> - [ лат. terror - қорқыныш, үрей] - саяси мақсатты сұлтаураятп күш колдану; ұғым XVIII соңында ұлы француз тәңкерісі кезінде якобиндықтар жүргізген репрессиялық саясатты атавда қолданылды.</p> <p><b>2. Пікірталас.</b> «Террорлық әрекеттердің белен алуы неліктен?»</p> <p>А) Бұл іске қандай адамдар барады?</p> <p>Ә) Террористік іс - әрекеттер тек ер адамдарға қатысты ма?</p> <p><b>Оқушылар өз ойларын айтады:</b></p> <ul style="list-style-type: none"> <li>- Діни секталардың таралуы;</li> <li>- Ашық дипломатиялық саясатымызды пайдаланып, заңсыз секталардың енүі;</li> <li>- 18 - 30 жас аралығындағы ешқандай діни, саяси, қоғамдық пікірі қалыптаспаган, имандылық, патриоттық сезімдері жетілмеген жастар барады.</li> </ul>	
<b>Негізгі болім 25 мин</b>		
<b>Қоры тынды 10 мин</b>	<p>- Террористік іс - әрекетке тек ер адамдар емес, әйел адамдар да барады.</p> <p>Казіргі кезде жанкешті - мерген әйел адам</p>	

Бекітемін.

Тәрбие ісінің орынбасары М.Джұнісова

Педагогтің Т.А.Ә. (болған жағдайда)		
Күні:		
Сынып:	Катысушылар саны:	Катыспағандар саны:
Тәрбие тақырыбы	Dіни экстремизм мен терроризм әлемге төнген қауіп	
Құндылық		
Мақсаттары	рухани адамгершілік құндылықтарды зерделей отырып теріс ағымдарга бағытталған қозқарастандардан бас тартуға, өзіндік дұрыс бағдарын таңдауға ықпал жасау:	

Сабактың барысы:

Сабактың кезеңі/уақыт	Педагогтың әрекеті	Окушының әрекеті	Ресурстар
Сабактың басы	<p>Діни ағымдар деген не?</p> <p>Теріс ағымдарға заң не дейді?</p> <p>Бізіңді елімізде қандай ағымдар кездеседі?</p> <p>Ағымдар туралы Ислам не дейді?</p> <p>Осы сұрақтардың жауабын толығымен окушылаға түсінік беру.</p> <p>Ислам дінінде зорлық –зомбылық жок.Ислам діні сенім бостандығының кепілі дер едім.</p> <p>Себебі тарихтан білетініміздей мұсұлмандар билеген елдерде өз халықтарын түгелдей зорлықпен Ислам дініне ауыстыру әрекеті болмаган.Кейбір адамдар «Ислам діні кертарпа, демократияга сәйкес келмейді, ұштаспайды» деген пікірлер айтады.Мен айтар едім нағыз демократия Исламда.Мысалы, ел билеу ісіне Құран Қәрім насиҳаттайтын маңызды екі қағида бар.Бірінші қағида – билікті сайлау,екінші қағида – ел басқаруда кенесу. Осыдан біздің дініміздің орыны ерекше дер едім.</p> <p>Шынай мұсұлман әділетсіздікті көре тұра бұтып қалмай, шындық жолында тайсалмай батыл болады.Игі істер жасайды.Ислам діні жағымсыз қарает жасап, жаңсақ басқан адамды жүрттың қозігше жер – жебіріне жетіп сөккен емес.</p> <p><b>2 –бөлім Абайла, адасу!</b></p> <p>Өзге елден келен теріс жолды насиҳатташылар елімізде көбеюде. Үлтиматызың салт – дәстүріне қарама- қайшы пікірлер айттылады. Ислам дінін жамылып ислам құндылықтардың жокқа шыгарып шет елден келген секта миссионеолері өздерінің қара ойларын іске</p>	<p><b>Теріс бағыттағы діни ағымдардың мақсаты</b></p> <p>1.Басқа діндерге нұқсан келтіру, адамдарға деген жиіркенішті сезім тудыруды уағыздау.</p> <p>2.Адам ойына ұstemдік жүргізу.</p> <p>3.Мемлекеттің, отбаяның бірлігін, тыныштығын бұзу.</p> <p>4.Халықтың патриоттық катынастарын бұзу.</p> <p>5.Мемлекеттің тәуелсіздігіне нұқсан келтіру және мемлекет заңдарына бағынбау.</p> <p><b>Саентологиядеген не?</b></p> <p>Бұл өз мүшелеңінен ақша сұрауды мақсат қоятын сектаның бірі.</p> <p>Американдық Рон Хаббард пен негізгі қаланған бизнес – құрылым.Олардың сырт көзге білінбейтін гипнозбен,зомбыландырумен адамда ішкі психологиялық сәттілік сезімі пайда болады.</p> <p>Сектага тартылған адамдардың психологиялық күйі күннен күнге асқына береді.Нәтижесінде психиканың ауыр</p>	

	<p>асыруда. Олардың саны өкінішке қарай көбеюде. Олар жастар мен мектеп жасындағы балаларды теріс бағытқа тәрбиелеуде. Исламдагы теріс діни ағымдардың кесірінен қасиетті Ислам дінінің қазіргі заманда экстремизм, террор діні санауы қынжылтады.</p> <p>Исламдагы ағымдар туралы окушылардың айтқан пікірлері «Салафиттер» немесе салафилер 7 шелпек пісіруге, бейіт басына баруга, ата – баба басында Құран бағыштауға қарсы. Атырау қаласында кең тараган. «Салафи» созі Құранның бірнеше жерінде кездеседі. Негізінен «алдыңғы өткендер», «бұрынғылар» деген магынаны береді. Ал қазіргі заманың салафилерінің іс – әрекеттері Құран Аяттарын өз беттерінше өзгертіп алған.</p>	<p>бұзылуына алып келеді. Сентология ілімдерін қолданатын бизнес – мектептері; «Дианетика», «Нарконон», «Кримиан», «Рубикон», «Пеформия» 3 – бөлім «Дін және заң» «Діни сенім бостандығы және діни бірлестіктер туралы» заңдан үзінді Мемлекеттік билікке діни бірлестіктердің араласуына жол берілмейді.</p> <p>Мемлекеттік органдар діни бірлестіктердің қызметіне заңсыз араласа алмайды.</p> <p>Діни бірлестіктерге партия ретінде құрылуына жол берілмейді.</p> <p>Мемлекет діни бірлестіктердің қаржылаандырмайды.</p> <p>Белгілі бір дінді мемлекеттің білім бағдарламаларыны ариайы пән ретінде енгізуге болмайды.</p> <p>Білім беру орындарында дінтапу пәндері танымдылық негізде откіzlуі мүмкін.</p> <p>«Дарс Салам» діни бірлестігінің еліміздегі іс – әрекеті сот шешімімен заңсыз деп танылып, бірлестік, бірлестік жұмысы тоқтатылады. Сондай – ақ «Грейс» евангелді – христиан миссионерлік діни бірлестігінің жетекшісі 14 – жылға бас бостандығынан айрылды.</p>
<b>Сабактың ортасы</b>	<p><b>Дін және уақыт</b></p> <p>«Ел мен дін мұраты – ынтымақ пен бірлік» Тоғыз інжу әдісі.</p> <p>Теріс бағыттағы діни ағымдар....</p> <p>Елдің тәуелсіздігіне қарсы бағытталған әрекет.</p> <p>Әрбір адам абай болатын аса қауіпті бағыт.</p>	

	<p>Заманың жаңа ағымының туындаған багыттар.</p> <p>Діни сауаты бар адамдардың мазасыздандына тұрарлық мәселе емес.</p> <p>Мектеп окушылары үшін аса қауіпті.</p> <p>Ұлтты ұлт ретінде мойындамайды.</p> <p>Мың жылдан бері ұстанып келе жатқан ата – бабамыздың дәстүрлері діні жокқа шыгармайық!</p> <p>Ислам діні бейбітшілікті дәріптейтін бірлік діні екендігін ұмыттайық!</p> <p>Дін дегеніміз – ұлы сенім, гылым анасы. Ал сенім – адамзаттың тірегі.</p> <p>Әрбір ұрпақ келесі өзінен кейінгі ұрпаққа ізетті, игілігі мол жақсы өмір жолын тастап кетуі ләзім екендігін есімізде ұстайық!</p>		
<b>Сабакты ц соңы</b>	<p><b>Кекірегіңе түйіп ал!</b></p> <p><i>Мың жылдан бері ұстанып келе жатқан ата - бабамыздың дәстүрлі дінін жоққа шыгармайық!</i></p> <p><i>Ислам діні бейбітшілікті дәріптейтін бірлік діні екендігін ұмыттайық!</i></p> <p><i>Дін дегеніміз – ұлы сенім, гылым анасы. Ал сенім – адамзаттың тірегі.</i></p> <p><i>Әрбір ұрпақ келесі өзінен кейінгі ұрпаққа ізетті, игілігі мол жақсы өмір жолын тастап кетуі ләзім екендігін есімізде ұстайық!</i></p>		

Бекітілді \_\_\_\_\_

Тәрбие сағаты бойынша қысқа мерзімді жоспар

<b>Тәрбие сағаты</b>	«Сыбайлас жемқорлықта жол жоқ»	
<b>Күні</b>		
<b>Класс жетекші:</b>		
<b>Класс:</b>	Катысушылар саны:	Катыспағандар саны:
<b>Сабактың тақырыбы:</b> <b>Эпиграфтар (тақырып мазмұнын ашатын)</b>		
<b>Сабактың мақсаты:</b>	Сыбайлас-жемқорлық” деген ұғымды түсіндіріп, пайда болу жағдайлары жайлы түсінік қалыптастыру. Өз көзқарастарын білдіріп, дүниетанымдарын кеңейту. Өз мемлекетіне жауапкершілікпен қарау және әділдікке тәрбиелу.	
<b>Құидылықтарды дарыту</b>		
<b>Ресімдеу</b>	Слайд,презентация	
<b>Музыкалық және бейне көркемдеу</b>	интерактивті такта, слайд	
<b>Үлестірмелі материалдар</b>	мақал – мәтеддер жазылған плакаттар	
<b>Тақырыптық көрмелер мен ақпараттық стендтер</b>	Презентация	
<b>Дайындыққа ариалған адебиет</b>	Интернет материалдары	
Сабактың барысы		

Сабактың кезеңі/уақыт	Мұғалім әрекеті	Оқушы әрекеті	Ресурстар Сабактың техникалық құрал-жабдықтары
Үйымдастыру кезеңі (7 мин)	<p><b>Үйымдастыру кезеңі:</b> оқушыларды мазайка арқылы екі топқа бөлу. -Сыбайлас-жемқорлық деген не? (оқушылардың пікірлері тындалады)</p> <p><b>II. Miga шабуыл:</b> сыбайлас жемқорлыққа байланысты «СТОП Коррупция!» видеоролигі көрсетіледі(роликтегі жағдайды ортага салып талқылайды, сыбайлас жемқорлыққа анықтама береді, постер немесе кластер жасайды да коргайды)</p> <p><b>Ассоциация:</b></p>	Оқушылар мұғаліммен амандасады,түгенделеді, мектеп партасындағы қатарлары бойынша орындарына отырады.	видеоматериал



“Сыбайлас-жемқорлық” деген “параға сатып алу”, “пара” ретінде, “corruption” деген латын сезін алғып, анықтауга мүмкіндік береді. Рим құқығында сондай-ақ “corruptio” түсінік болған, ол жалпы сөзбен айтқанда “сындыру, бұлдіру, бұзу, зақымдау, жалғандау, параға сатып алу” деген түсінік берген де, құқықка қарсы іс-әрекетті білдірген. Орыс тілінің түсіндірме сөздігі сыбайлас-жемқорлықты пара беріп сатып алу, лауазымды адамдардың, саяси қайраткерлердің сатқындығы ретінде сипаттайды. КР “Сыбайлас-жемқорлықпен курс туралы” Заны сыбайлас-жемқорлыққа келесідей аныктама береді. Ол:

“...мемлекеттік міндеттерді орындастын адамдар, сондай-ақ соларға теңелген адамдар, өздерінің лауазымды құзыреттерін және онымен байланысты мүмкіншілікті немесе оз құзыреттерін басқаша пайдаланып мүліктік пайда алу үшін занмен қарастырылмаған мүліктік жайлышылықты және артықшылықты қабылдау, сондай-ақ жеке және занды тұлғалармен атталмыш жайлышылықты және артықшылықты оларға зансыз беруге осы адамдарды парамен сатып алу”.

Сабак басы (13 мин)	<p>. «<i>Сұрақ-жсауап</i>» ойыны:</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1. Пара беру дегеніміз не?</li> <li>2. Пара мен сыйлыктың айырмашылығы қандай?</li> <li>3. Сыбайлас жемқорлық дегенімізді қалай түсінесіндер?</li> <li>4. Сыбайлас жемқорлық жайлыш мәліметтерді қайдан білесіндер?</li> </ol>	Компьютер
------------------------	---	-----------

Ортасы (20 мин)	<p><i>Түсініктеме беру:</i></p> <p>Қазақстан Республикасының № 267 «Сыбайлас жемкорлықта күрес туралы» Заны 1998 жылы 2 шілдеде қабылданды.</p> <p>Бұл Заңның мақсаты - азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын коргауға, сыйбайлас жемкорлық көріністерінен туындастын қауіп-кательден Қазақстан Республикасының ұлттық қауіпсіздігін қамтамасыз етуге, сыйбайлас жемқорлықта байланысты құқық бұзушылықтың алдын алу, анықтау, олардың жолын кесу және ашу, олардың зардалтарын жою және кінәлілерді жауапқа тарту арқылы мемлекеттік органдардың, мемлекеттік міндеттерді атқаратын лауазымды және басқа да адамдардың сондай-ақ оларға тенестірілген адамдардың тиімді қызметін қамтамасыз етуге бағытталған және сыйбайлас жемқорлықта қарсы күрестің негізгі принциптерін айқындаپ, сыйбайлас жемқорлықта байланысты құқық бұзушылықтың түрлерін, сондай-ақ жауаптылықтың пайда болу жағдайларын белгілейді.</p>		слайд
Соны	<p><i>Сұрақ-жаян:</i></p> <ol style="list-style-type: none"> <li>Мұтталімге мерекелерде гүл шоқтарын сыйлау жемқорлықта жатады ма?</li> <li>Емделіп болған науқас дәрігерге өзінің алғысын белгілі - бір сыйлыкты ( гүл, сагат, портрет.....) сыйласа жемқорлықта жатады ма?</li> <li>Жоғарғы оку орындарында білім алушылар, емтихан уақытында оқытушыларына үстел жасаса, бағалы сыйлық әсерсе, жемқорлықта жатады ма?</li> <li>Қала ішіндегі автобустардың</li> </ol>		слайд

<p>кейбіреулері тендер ұтып алады да, қала ішінде жолаушыларды тасымалдау барысында көптеген кәтеліктер жасап жатады. Мысалыға автобусқа адамдарды санынан артық отыргызу, аялдамасы жоқ жерлерде тоқтаң, адамдарды үсті - үстіне алу жемқорлықка жата ма? (шофер, басқаруышы директор, инженер арасындағы сыйбайластық жемқорлықты көрсетеу)</p> <p>5. Нашақорлық дамып бара жатыр, себебі шетелдерден әкеледі, кейбір кедендер өз жұмыстарын жауапты орындамай, заң бұзушылыққа барады. Бұл жемқорлыққа жата ма?</p> <p>Сыйбайлар-жемқорлықты қалай жоюға болады ?</p> <p>Пара бермеу және алмау.</p> <p>Мақсаты нәтижелерге жету үшін, өз мүмкіншілігінмен жетуге тырыс</p> <p>Парақорлықты көрсөніз жергілікті органдарға және акпаратқа хабар беріңіздер.</p>		
--	--	--

Бекітілді \_\_\_\_\_

**Тәрбие сағаты бойынша қысқа мерзімді жоспар**

<b>Тәрбие сағаты</b>	«Өмір қымбатсың маған»	
<b>Күні</b>		
<b>Класс жетекші:</b>		
<b>Класс:</b>	Қатысушылар саны:	Қатыспагандар саны:
<b>Сабактың тақырыбы:</b> <b>Эпиграфтар (тақырып мазмұнын ашатын)</b>		
<b>Сабактың мақсаты:</b>	<ol style="list-style-type: none"> <li>Өмір адам баласына бір – ак рет берілетін өте сый екенін түсінуге ықпал ету.</li> <li>Жақсы қасиеттерге үйретіп, жаман қасиеттен жиренту арқылы адамгершілік сезімдерін дамыту.</li> </ol>	
<b>Құндылықтарды дарыту</b>		
<b>Ресімдеу</b>	Слайд,презентация	
<b>Музыкалық және бейне коркемдеу</b>	интерактивті такта, слайд	
<b>Үлестірмелі материалдар</b>	мақал – мәтеддер жазылған плакаттар	
<b>Тақырыптық кормелер мен ақпараттық стендтер</b>	Презентация	
<b>Дайындыққа ариалған әдебиет</b>	Интернет материалдары	
Сабактың барысы		

Сабактың кезеңі/уақыт	Мұғалім әрекеті	Оқушы әрекеті	Ресурстар Сабактың техникалық құрал-жабдықтары
Үйимдастыру кезеңі (7 мин)	Ертең мектеп қабыргасынан шығып, улken өмірге жолдама аласындар. Өмірдің әр түрлі сокпактарына кездесесіндер. «Өмір, қымбатсың маған!» деп алушын өзен тоқтамай ағып жатқан сиякты, өмір де тоқтамайды, өз арнасымен ағып жатады. Жалғыз ағаш орман болмайды дегендей, жалғыз адам өмірде толыққанды өмір суре алмайды. Сол себепті өмірімнің осы сәті біздің сабагымыздың сәтті немесе сәтсіз отуі сендерге байланысты. Яғни адам күні адаммен дегендей ...	Оқушылар мұғаліммен амандасады, түген деледі, мектеп партасындағы қатарлары бойынша орындарына отырады.	Компьютер

Сабак басы (13 мин)	«Жүректен- жүрекке» жаттыгы .Бір-бірімізге жағымды сөз айтып бастасак. Мысалы, сен бүгін әдемісін, көріктісін деген сияқты сөздер.		Компьютер
Ортасы (20 мин)	«Жұлдызды аспан» жаттыгы. Нұскау: дөңгеленіп отырыңыздар және көздерінізді жұмып , үш рет терең демалыңыз. (музыка ойналады) Ал , енді жұлдызды түнді елестетіңіз.Жұлдыздар үлкен және кіші , жарық және күнгірт.Біреу үшін бұл біреу немесе бірнеше жұлдыздар , ал біреулер үшін сансыз көп жарық шашып бірде алыстал , бірде кол созым жерде жақындаған нұктелер.Жұлдыздарға мүқият карап , ең керемет жұлдызды таңдаңыз.Мүмкін бұл балалықтағы сіздің армандарынызға ұқсас шыгар , мүмкін ол сіздің бақытты , куанышты , шабытты кездерінізді еске түсірген шыгар.Тагы да өз жұлдызынызға сүйсініп , оған жетуге тырысыныз.Бар күшіңізді салыңыз.Сіз міндетті турде өз жұлдызынызға жетесіз. Аспаннан алып оны алдыңызға қойыңыз , жақыннан караңыз және оның көрінісінен кандай сәуле , кандай жарық , кандай нұр шашқанын есте сактауга тырысыңыз.Ал енді асықтай көздерінізді ашыңыздар! Қағаз алып өз жұлдызымызды саламыз.	турлі – түсті қағаздар , қайши.	
Соны	Күрметті окушылар, аға үрпақ өкілдері елуден асқан соң артына көз жіберіп қарасаң, мен не тындырдым деген сұраққа жауап іздейсің. Ал біз әрқайсысымыздың өткен өмірімізге риза болатындей жоспарлауымыз керек. Өміріміздің мәнді өтуі өз қолымызда		презентация